

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДА «Торғай ауылының ЖОББМ» КММ-нің ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫСЫН ТАЛДАУ

Педагогикалық психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіндегі қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Педагогикалық психологиялық қызметтің міндеттері:

- Баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- Жеке тұлға ерекшелігін ескеріп, жан-жақты зерттеу;
- Интеллектуалдық және тұлғалық дамудағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету;
- Мұғалімдер ұжымында психологиялық ахуалды қалыптастыру;
- Ата-аналар үшін психологиялық сауаттандыру жолдарын қарастыру.

Жұмыс жүргізу бағыттары:

- Психологиялық диагностика
- Психологиялық түзету-дамыту
- Алдын алу және психологиялық ағарту
- Психологиялық кеңес беру
- Әдістемелік – ұйымдастыру жұмысы

2023-2024 оқу жылында психологиялық қызмет директордың бекітуімен жылдық, айлық, жұмыс жоспарлары құрылды. Психологиялық қызметтің жұмыс бағыттарын ұстана отырып, оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен жылдық жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

Педагогикалық-психологиялық қызметтің диагностика бағыты бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Жаңа оқу жылын үш одақтастықтың психологиялық ахуалын анықтау мақсатында оқыту мен оқу саласындағы халықаралық «TALIS» сауалнамасынан бастадық. Ұстаздардың, кіші қызметкерлердің, ата-ананың, оқушылардың жауаптары өңделіп аналитикалық есебі №1 Пед кеңесте таныстырылып, ұсыныстар беріліп, жоспар құрылды.

1 сыныппен жүргізілген жұмыс:

Кұрал (бейімделу) оқушыларда жылдам болмайды. Бұл ұзаққа созылатын процесс, барлық ағзаның жүйелері шиеленетін жағдай. Осы жағдай 1 және 5 сынып оқушыларында білінеді, себебі өзгерген жасау жабдық және оқу жағдайлары, интеллекттеріне, тұлғаның дамуына және білім, оқу әрекеттеріне, әдеттерінің т.б дәрежелерінің қалыптасуына жоғарға талаптандырады.

Қыркүйек-қараша айларының аралығында оқушылардың мектептегі оқуға бейімделулерінің деңгейін анықтау үшін Керн-Йерасик тесті жүргізіліп, бірінші сынып ата-аналарымен жиналыс жүргізілді. Жүргізілген диагностикалық жұмыстың нәтижесі бойынша, оқушылардың бейімделу ерекшеліктері бойынша ата-аналар жиналыстарында айтылып, кеңестер берілді. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша мектепке бейімделуі өте төмен деңгейдегі оқушылар анықталмады. Көмек қажет ететін оқушылар саны-19, олармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшісі, ата-анамен бірлесіп жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар 1 сынып оқушыларын кешенді зерттеу мақсатында «Моншак», «Үйшік» проективті тестері алынды. Зерттеу нәтижелері бойынша хаттамалар мен ұсыныстар сынып жетекшілеріне таныстырылды.

Бейімделу кезеңінің қортындысы бойынша анықтама Пед кеңесте оқылды

4 сынып бойынша жүргізілген жұмыс:

- Қараша айында 4 сынып оқушыларынан отбасындағы ахуалын анықтау

мақсатында «Менің отбасым», проективті тестері алынды. Нәтижелері өңделіп, ұстаздар мен ата-аналарына кеңестер берілді

- **Желтоқсан айында** Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін диагностикалау мақсатында зейін, ес, ақыл-ой процестерін зерттеу әдістемелері жүргізілді. Төмен деңгей көрсеткен оқушылармен сынып жетекшісімен бірлесе отырып түзету жұмыстары жүргізіліп, ата-аналарына ұсыныстар берілді.



5 сынып бойынша жұмыс: 5 сынып оқушыларының мектептегі психологиялық-эмоционалды көңіл-күйін, сабаққа деген қызығушылығын анықтау мақсатында тест жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеуге арналған әдістемелер: оқуға мотивация «Лусканов» әдістемесі, мектептегі дегбірсіздік деңгейін анықтау Филлипс тесті, «Мұғалім оқушы көзімен» сауалнамасы сияқты диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

Осы тест нәтижелері бойынша мектеп мотивациясы төмен көрсеткіш пен мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен топтық және жеке түзету-дамыту жұмыстары өткізілді. Сынып жетекшілер мен пән пән мұғалімдеріне кеңестер мен ұсыныстар бердік. Ата-ана жиналыстарына қатысып бейімделу ерекшеліктерімен таныстырып, ақыл-кеңес беріп, жаднама ұсындық. 5 сыныптарды бақылау жұмыстары жалғасады.

10 сыныппен жүргізілген жұмыс:

10 сынып оқушыларымен жоғары буынға бейімделу бойынша келесідей диагностикалық жұмыстар жүргізілді: 10 сынып сабақтастығын зерттеу мақсатында «Невротизация деңгейін анықтау» Л.Вассерман тесті алынды. Невротизация деңгейі жоғары оқушылар анықталған жоқ. Бұл бағытта жұмыстар жалғасуда. «Бека» шкаласы Сонымен қатар жыл басында «СБА» әдістемесін, «Отбасылық қобалжуды анықтау», «Бека» шкаласы әдістемелері алынды. Барлық зерттеудің нәтижелермен сынып жетекшілер, ата-аналар және пән мұғалімдері таныстырылып, нәтижеге байланысты кеңестер жинағы берілді. Сонымен қатар, оқушылармен жеке жұмыстар және жалпы сыныппен түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

9 сыныппен жүргізілген жұмыс: I-жарты жылдығында 9-сыныптармен профориентация бойынша 9-сынып оқушыларымен «Дж.Голандтың мамандық анықтауға арналған» тесті мен «ДДО» әдістемелері алынып, «Менің арманымдағы мамандық» тақырыбында эссе жаздырып, презентация көрсетіліп, кеңестер берілді. Сонымен қатар «СБА» әдістемесі, «Отбасылық қобалжуды анықтау», «Бека» шкаласы, «Социометрия» тестері алынды. Балаларда өзіне сенімділік және сенім сезімін қалыптастыруға бағытталған тренинг-жаттығулар жүргізілді. Оқушылардың көбісінің болашақ мамандықтарын нақты таңдауы, мамандықтарына байланысты пәндерге белсенді қатысуы алдарына мақсат қоя біліу белсенді. Жалпы 9-11 сынып оқушыларының мамандық таңдау деңгейі жоғары. Оқушылар өз мүмкіншіліктерін біле отыра таңдау жасады.

11 сыныппен жүргізілген жұмыстар: 11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға психологиялық дайындығы бойынша Мемлекет аралық емтиханға дайындық жұмысы бойынша «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тренинг-сабақтар, «Оқушылардың депрессиялық деңгейі мен стресске төзімділігін анықтау» Э.Ховард тесті, «Емтиханда қобалжумен қалай күресуге керек?» баяндама, «Дж.Голандтың мамандық анықтауға арналған» тесті, «Сүйікті өзіме хат» эссе жаздырып, презентациялар мен видеолар көрсетілді. Оқушылардан кері байланыс алынып, жеке түзету жұмыстарын жүргіздік.

Әр жүргізілген жұмыстың соңынан кері байланыс ұйымдастырылып, қорытындысымен таныстырылады. ҰБТ-ға оқушылардың психологиялық жағдайларын қадағалап, емтиханға дайындық кезеңінде мінез-құлық стратегиясымен тактикасын өңдеуін, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. 11-сынып оқушылары психологтардың жіті назарында.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің коррекциялық түзету-дамыту бағыты бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

- **Қыркүйек айында:** 5-11 сынып оқушыларының психикалық денсаулығын қалыптастыру мақсатында сынып жетекшілер мен ДТЖО-мен бірлесе отырып

«Психикалық денсаулық», «Тәуелділік: интернет ойындар» тақырыбында тренингтер жүргізілді. Оқушыларға психологиялық тұрғыда дені сау адам туралы мағлұмат бердік, ғасыр ауруы интернет тәуелділіктен қалай арылуға болатыны туралы кеңестер беріліп, қойылған сұрақтарына жауап бердік. Түрлі позитивті жаттығулар орындап, оқушылар бой сергітті.

- **Қазан-қараша айларында:** 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне психологиялық қолдау мақсатында түзету жұмыстары ұйымдастырылды. «Мұқият бол!» ойыны, «Тыңдау және орындау» жаттығуы, «Орманда серуендеу» жаттығуларын орындап, соңында шеңбер бойында тұрып бір-біріне жақсы тілектер мен жылы сөздер айтты. Сонымен қатар таным процесстерін дамыту жаттығулары жүргізілді. Кеңестер берілді.

5-сынып оқушыларына орта буында оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психопедагогикалық қолдау көрсету мақсатында «Сәтті адаптация» атты тренинг жүргізілді. Оқушылар өзін таныстыру үшін «Өзіңді мақта» жаттығуынан бастады, келесіде «Орнымызды ауыстырамыз», Топтық ереже қабылдау, «Ой қозғау». «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы, «Мен кімін? Мен қандаймын?» жаттығуларын орындады. Балалар тренингке белсене қатысып, топтық жұмыстарды бірлесе жақсы атқарды. Тренинг қызықты өтіп, оқушыларға ұнады.

- **Үнемі:** Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады. Әр оқушының даму динамикасы бақылауда.
- **Жыл бойы:** Ата-ана, сынып жетекші, мұғалімдердің сұранысы бойынша тест нәтижесі бойынша, ерекше назар аударатын оқушылармен жеке немесе топтық бағдарлама бойынша жұмыстар, жеке консультация жұмыстары жүргізіліп отырады.
- **Қараша айында:** 5-8 сынып оқушыларына тұлға бойындағы тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және түзету мақсатында «Ойындық терапиясы», «Ертегі терапиясы», «Арт терапия», Агрессияға қарсы жаттығулар мен тренингтер өткізілді. Оқушылар тренингке белсене қатысып, өз ойларымен бөлісті. Кеңестер берілді.
- «Тәуекел топ» балаларымен жүйелі түрде психокоррекциялық жұмыс, жеке және топтық жұмыстар, диагностика бойынша жұмыстар жоспарға сай жүргізіліп отырды.
- **Желтоқсан айында:** 6-9 сынып оқушыларына зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Өкпелеу және зорлық-зомбылықтан сақ балалар» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылармен зорлық-зомбылықтың түрлерімен таныстырып, егер ондай жағдайдың құрбаны жасырмауын, бұл мәселенің шешімін алгоритімін түсіндірдік. Ешбір адам біреуге зорлық-зомбылық көрсетуге құқысы жоқ. Оқушылар ойларымен бөлісіп, психологиялық кеңестер алды. Жоғары сынып 9,10,11 оқушыларына өзіне сенімділік және сенім сезімін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар өткізілді. Кеңестер мен афирмациялар таратылды.

Педагогикалық ұжыммен жұмыс барысы келесі бағытта жүргізілді:

- жас мамандар мен жаңадан келген ұстаздармен жұмыс істеу қиындығын анықтауға арналған әдістемелер алынып, жеке консультация жүргізіліп, кеңестер берілді.

-1-5 сыныптарының бейімделуіне байланысты пед.ұжымға «Мектеп дезадаптациясының алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды.

- Жас мамандарға жыл бойы жаңа ортаға бейімделуіне кеңестер беріліп, қолдау көрсету.

- Педагогикалық ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау тестері алынып, нәтижесі бойынша мұғалімдермен жеке әңгімелесіп, кеңестер берілді.

-«Кәсіби-эмоционалдық күйіп кету синдромының алдын алу» әдістемесі, «Агрессияны түсіруге бағытталған» ойындар жүргізілді. Жеке және топтық жұмыстар жүргізілді. Ұсыныс айтылды:

1. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларға жылы лебізбен көңіл

бөлу.

2.Сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту.

3.Мектепшілік қоғамдық жұмыстарға араласу.

Ата-анамен жұмыс бағыты бойынша:

- 2023-2024 оқу жылында 5-11 сынып ата-аналарына «Ғаламторға тәуелділіктің алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.Осы өзекті тақырып бойынша ата-аналарға слайд, пен видео көрсетілді. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, кеңестер жинағын ұсындық.

- 1,5 сынып ата-аналар жиналыстарына қатысып, бейімделу ерекшеліктері туралы ақпарат беріп, кеңестер мен жадынамалар ұсынылды.

- 1-11 сынып ата-аналарына «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» атты жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Бұл жиналысқа 1-11 сыныптарының ата-аналары толығымен қатысты.Жиналыста мектеп директоры, ДТЖО, мектеп инспекторы мен психологтар қатысып, баяндамаларын оқыды. Қарастырылған сұрақтардың ішінде кәмелетке толмаған балалардың құқықбұзушылық, мектеп тәртібі, мұғалім мәртебесі, қарым-қатынас,баланың психикалық денсаулығы, отбасылық құндылықтарды ілгерілету және нығайту туралы мәлімет берілді.Жиналыс барысында ата-аналарға слайдтар, бейне роликтер көрсетіліп, жадынамалар таратылды.

- 7-9 сынып «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында ZOOM платформасы арқылы жиналыс өткізілді. Ата-аналарға жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтармен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Презентация көрсетіліп, кеңестер берілді. Ата-аналар сұрақтар қойып, жауап алды. Көптеген мәселелер көтеріліп, ата-аналармен ашық диалог өткізілді.

- 9-11 сынып ата-аналарына «Мамандық таңдауда ата-ананың ролі» тақырыбында онлайн жиналыс өткізілді. Ата-аналарға презентация көрсетіліп, баяндама оқылып, кеңестер берілді.

- Әр сынып жиналыстарына қатысып, жас ерекшеліктеріне сай психологиялық өзгерістер жайлы, интернет тәуелділіктің алдын алу мақсатында кеңестер, мамандық таңдауда 9-11 сынып ата-аналарымен жеке консультация, бала мен ата-ана арасындағы өзара қарым-қатынас жайлы кеңестер берілді. Топтық және жеке кеңестерге ата-ананы жыл бойы қабылдаймыз.

-Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылады

-Ата-ананың белсенділігі

-Сынып жетекші, ата-ана, психологтың тығыз жұмысы оқушыға оң ықпал тигізеді қағидасын ұстанамыз.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің ағартушылық жұмыс бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық, буллинг, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жыныстық қол сұғылмаушылық, ерте жүктілік, адам өміріне қауіп төндіретін іс-әрекеттерді болдырмау, алдын-алуға төмендегі бағытта жұмыстар жүргізілді:

Тәрбие бөлімімен бірлесе отырып атқарылған жұмыстар бойынша:

- 5-11 сынып оқушыларымен «Діни экстремизм мен терроризм әлемге төнген қауіп» тақырыбында кездесу өткізілді.Кездесуді мектеп психологтары бастап діни экстремизмнің психологиялық аспектілері туралы ақпарат берді.Жат діни ағымдардың құрбаны- бейтаныс нәрсеге қызығушылығы жоғары, өзінің зақымдалған мендігін қорғауға ашулы және өзін-өзі төмен бағалайтын, әлеуметтік әділетсіздікті уайымдай отырып, өзінің өмірлік сәтсіздіктерін жақындарынан және жалпы көру арқылы туындайтыны туралы мағлұмат берді

- 8-11 сынып қыздарына ерте жүктілік пен жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында аурухана мамандарымен «Қыз елдің көркі», тақырыбында кездесу өткізілді. Қыз баланың жас ерекшеліктеріне сай психологиялық өзгешіліктер,өзгерістер туралы ақпарат беріп, әңгімелесіп, ұсыныстар бердік. Мамандар дәріс оқып, презентация көрсетіп, сұрақтарға жауап берді

-7-6 сынып қыздарына «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында мектеп медбикесімен бірлесе кездесу өткізілді. Жеке гигиена, ерте жүктілік, зиянды нәрселерге әуестік туралы

ақпарат беріліп, сұрақтарына жауап беріп, кеңестер берілді.

- Құқықбұзушылықтың алдын алу, зиянды нәрселер: есірткі, алкоголь өнімдері, темекі сияқты тақырыпта мамандарды шақырып, бірнеше кездесулер өткізілді. Оқушыларға кеңестер берілді

- Мектепшілік Ата-аналар жиналыстарына үнемі қатысып өзекті мәселелер жайлы мәлімет беріп отырамыз. Сонымен қатар жеке консультацияға циклограмма мен байланыс телефондарын ата-аналарға беріп отырамыз.

Буллингтің алдын алу бойынша жұмыс бойынша:

-6-11 сынып оқушыларының ауто-деструктивті мінез құлықтың алдын алу бойынша «Буллинг. Кибербуллинг және балалар қауіпсіздігі» тақырыбында бейне роликтер мен презентация көрсетіліп, кеңестер беріп, сұрақтарына жауап бердік. Сонымен қатар шынайы өмірден алынған қысқаметражды «Не трави» фильмін оқушыларға ұсындық. Кездесуге 311 оқушы қатысты, хаттама толтырылды

-5-11 сынып оқушыларына психологиялық қолдау: «Психикалық денсаулық», «Тәуелділік: интернет ойындар» тақырыбында тренинг-сабақтар өткізілді. Сұрақтарына жауап беріп, кеңестер берілді.

-Ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша кеңестерді жиналыстарда айтып. Инстаграм парақшамызға салып отырамыз.

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» жұмыстары бойынша: -

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өмірді сүйе білейік» тақырыбында эссе алынды. Әр жұмыспен танысып, жеке жұмыстар жүргізілді.

-9-11 сынып оқушыларына «Күйзеліс және оның алдын алу жолдары» тақырыбында кеңестер берілді. Оқушыларға ұсыныстар беріп, сұрақтарға жауап алдық.

-Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 6-11 сынып оқушыларын суицидтік, депрессиялық әрекеттерге итермелейтін интернет сайттарға кірген кәмелетке толмағандарды анықтауда әлеуметтік желілерге жыл бойы мониторинг жасап отырамыз. Анықталған оқушылармен жеке әңгімелесіп, сынып жетекшісі мен ата-аналарына түсіндірмелі жұмыстар жүргіздік.

-7-11 сынып оқушыларына аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында тренинг-сабақ өткізілді. Оқушылармен топтық жаттығулар өткізіп, кеңестер берілді.

-Тәукел топқа бейім балаларды бақылау мен сүйемелдеу жыл бойы жалғасын табуда. Жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары жоспар бойынша үнемі жүргізіледі.

-7-11 сынып оқушыларына «Пікірталас-жанжал емес», «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?», «Мен өзімді мақтай аламын», «Қауіпті жағдайлар», «Сыпайы бас тарт» психокоррекциялық сабақтар мен жаттығулар өткізілді.

- 7-11 сынып оқушыларына «Реніштен арылу», «Ой, сезім мінез-құлық», «Қалай сұрауға болады?», психокоррекциялық сабақтар мен жаттығулар өткізілді.

- 7-10 сынып оқушыларына «Өмірге «Иә» деп айт!» тақырыбында тренинг -сабақ өткізілді. Оқушылар топтық жұмыстар жүргізіп, өз ойларымен бөлісті. Баяндама оқылып, жаттығулар жоасалды.

- Жыл бойы: 5-11 сынып оқушыларына суицидтік әрекеттерге итермелейтін интернет сайттарға кірген кәмелетке толмағандарды анықтауда ДТЖОмен бірлесіп жұмыстар жүргізіліп отырады, ай сайын мониторинг жасалынады. Анықталған оқушылар болса сынып жетекшісі мен ата-анасын хабардар етіп, баламен түсіндірмелі жұмыстар жүргізіледі.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің кеңес беру жұмыс бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:

Қыркүйек айында: 1,5 сынып жетекшілеріне оқушының бейімделуінің ерекшеліктерімен таныстырып, кеңестер берілді.

Қазан-қараша айында: 1,5 сынып ата-аналарының жиналыстарына қатысып, оқушылардың бейімделуі туралы дәріс оқылып, кеңестер берілді. 5-сынып жетекшілеріне оқушылардың дағдарыс кезі, бастауыш мектептен орта буынға өтуі туралы ақыл-кеңестер мен ұсыныстар берілді.

Жыл бойы: оқушылардың сұранысы бойынша жеке кеңес беру, сынып жетекшілерге зерттеу нәтижелері бойынша кеңес беру, жас мамандарға бейімделуге байланысты кеңес беру, ата-аналардың сұранысы бойынша жеке және топтық кеңес беру.

- 11 сынып оқушыларына мектеп түлектерін ҰБТ-ға психологиялық қолдау көрсету мақсатында бейне жазбалар, тренингтер, жадынамалар тарату арқылы жүзеге асты.

-«Тәуекел топқа» бейім оқушыларды анықтау нәтижесінде оқушылар мен ата-аналарына жеке жұмыстар жүрізу барысында кеңестер беру.

-Педагогтерге жеткіншектерді тәрбиелеудегі және оқудағы маңызды сұрақтар бойынша кеңестер беру. Мұғалімдердің сұранысы бойынша жүзеге асады.

-9-11 сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығына арналған жұмыстар бойынша оқушыларға, ата-аналарға бейне роликтер көрсетіліп, жадынамалар таратылып, кеңестер берілді.

-Ата-аналар жиналыстарына қатысып жас ерекшеліктеріне сай балаларының психологиялық ахуалы бойынша кеңестер берілді.

-Мектеп бітіруші мен ата-аналарына жыл бойы сұраныс бойынша кеңестер беріледі.

-Педагогтердің жеке сұранысы бойынша жыл бойы жұмыс жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысы жоспар бойынша атқарылды. 2022-2023 оқу жылында жұмыстар жоспарға сай атқарылды. Психодиагностика бағытын толығымен қамтып, дарынды балалармен, тәуекел топтың оқушыларымен жұмыстарды ары қарай жандандырамыз. Қазіргі таңда өзекті мәселердің бірі тұрмыстық зорлық-зомбылық пен жыныстық қол сұғылмаушылық, буллинг, кибербуллинг жұмыстарының маңызы артып отыр, сол бағытта жоспар құрылып жұмыстар жалғасуда.

Әртүрлі бағытта «қауіп тобында» есепте тұрған балалармен жұмыс: Қыркүйек айында мектеп бойынша элеуметтік әлсіз отбасыларындағы, қамқорлықтағы оқушылар және диагностикалық әдістемелердің қорытындысы бойынша анықталған оқушылардың тізімі анықталып «Тәуекел топпен» жеке жұмыс жоспары құрылды. Әр оқушымен жұмыс жүйелі түрде жүріп жатыр.

Жетім және ата – ана қамқорынсыз қалған оқушылармен жұмыс: Мектепте жетім бала жоқ. Ата – ана қамқорынсыз қалған оқушылар саны-1. Жыл басынан бұл оқушыға жеке жоспар құрылып жұмыс жүргізілді. Бұл баламен үнемі эмоционалдық күйін, көңіл күйін және ұжыммен қарым қатынасын анықтап отырамыз. Баламен жеке жұмыс жүргізіледі. Қамқоршыларымен және сынып жетекшісімен үнемі сұхбаттасып, кеңестер беріліп отырады.

Аудандық және мектеп ішілік есепте тұрған балалар: Бұл бағыт бойынша аудандық есепте және мектеп ішілік есепте тұрған балалар жоқ.

Мектептің психологиялық қызметі сұраныстар бойынша оқушыларға, ата – аналарға, мұғалімдерге туындаған мәселелері бойынша психологиялық көмек, бағыт-бағдар беріліп отырды.

Педагог-психолог: Ермахан Б